

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шифрлеуші құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен оларды үкіметтік және жабық ведомствоның байланыс жүйелерінде пайдалану жөніндегі үйлестіру кеңесінің мәжілісіне қатысушылардың қонақ үйде тұруына ақы төлеуге қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 26 шілдедегі N 212-ө Өкімі

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шифрлеуші құралдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен оларды үкіметтік және жабық ведомствоның байланыс жүйелерінде пайдалану жөніндегі үйлестіру кеңесінің мәжілісін (бұдан әрі - мәжіліс) өткізуге байланысты:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне мәжіліске қатысушылардың 2006 жылғы 2-4 тамыз кезеңінде Астана қаласында қонақ үйде тұруына ақы төлеуге 2006 жылға арналған респубикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 2307360 (екі миллион үш жүз жеті мың үш жүз алпыс) теңге сомасында қаражат бөлсін.

*Премьер-Министр*